

КАЗАХСТАН УКРЕПЛЯЕТ СТАТУС КЛЮЧЕВОГО ТРАНЗИТНОГО ХАБА ЕВРАЗИИ. СЕГОДНЯ СТРАНА ДЕ-ФАКТО СТАНОВИТСЯ «ЗОЛОТЫМ МОСТОМ» МЕЖДУ ВОСТОКОМ И ЗАПАДОМ, ДЕМОНСТРИРУЯ ВПЕЧАТЛЯЮЩИЕ ТЕМПЫ МОДЕРНИЗАЦИИ СВОЕЙ ТРАНСПОРТНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ. МЫ В ОСЖД ВИДИМ, КАК СИСТЕМНЫЕ РЕФОРМЫ И РАЗВИТИЕ КОРИДОРОВ ПРЕВРАЩАЮТ РЕСПУБЛИКУ ИЗ ВНУТРИКОНТИНЕНТАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВА В СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ТРАНЗИТНЫЙ ХАБ МИРОВОГО ЗНАЧЕНИЯ. ЭТО НЕ ПРОСТО ЛОГИСТИЧЕСКИЙ УСПЕХ ОДНОЙ СТРАНЫ, А МОЩНЫЙ ИМПУЛЬС ДЛЯ ИНТЕГРАЦИИ ВСЕЙ ЕВРАЗИИ, ГДЕ КАЗАХСТАН ВЫСТУПАЕТ ГАРАНТОМ НАДЕЖНОСТИ, СКОРОСТИ И СТАБИЛЬНОСТИ ГЛОБАЛЬНЫХ ТОРГОВЫХ ПОТОКОВ.

Мирослав АНТОНОВИЧ,
председатель Комитета ОСЖД



№31 (3178)
24/04/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ТЖЫҰ: ХІ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ЖИЫН ӨТТІ

Астанада Теміржолдар ынтымақтастығы ұйымының 70 жылдығына орай Ұйымның Бас директорлар конференциясының 40-отырысы өтуде. Аталған жиынға Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов, Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов қатысты.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Әлемнің 30-дан астам елінен 300-ден аса делегат, теміржол саласының басшылары мен теміржол тасымалдарына қатысты бар компаниялар өкілдері келген форум жұмысы халықаралық теміржол тасымалдарын дамыту бойынша келісілген тәсілдерді қалыптастыруға, қатысушы елдердің жетістіктерін талқылауға және ынтымақтастықтың болашақ бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Жүк тасымалы көлемін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту, қағазсыз технологияларға көшу, интеллектуалды басқару жүйелерін енгізу және кадр даярлау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Премьер-министр теміржол саласының экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз етудегі рөлін атап өтіп, мұндай форумдар елдер арасындағы әріптестікті нығайтып, сындарлы диалогқа жол ашатынын жеткізді.

– Қазақстанның теміржол саласы экономикалық дамуға маңызды рөл атқара отырып, халықтың өмір сапасын арттыруға және тұрақты өсімді қамтамасыз етуге бағытталған. Ұйымның 70 жылдығына арналған кездесудің дәл осы жерде – ұлы жолдардың тоғысқан тұсы, Еуразияның жүрегінде өтуі символдық мәнге ие. Заманауи әрі тиімді көлік жүйесі бізге халықаралық жеткізу тізбектеріне кіріге отырып, жаһандық экономикаға интеграциялануға мүмкіндік береді, – деді Олжас Бектенов.

Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру мәселесіне ерекше назар аударған Үкімет басшысы мұхитқа тікелей шығу мүмкіндігі жоқ әлемдегі ең ірі мемлекет Қазақстан өзінің географиялық ерекшелігін стратегиялық артықшылыққа айналдыру бағытында жұмыс істеп жатқанын айтып өтті.

«Біздің ортақ мақсатымыз – Еуразияны біртұтас, үздіксіз жұмыс істейтін көлік жүйесіне айналдыру. Соңғы 15 жылда көлік саласына шамамен 35 миллиард доллар инвестиция салдық. 2500



шақырымнан астам жаңа магистральдық жолдар салынды. Бүгінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» бағыты бойынша құрылғы транзиттік тасымалдардың шамамен 85 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Біз қол жеткізген нәтижелермен шектеліп қалмаймыз. Алдағы 4 жылда тағы 5 мың шақырым жаңа теміржол салуды жоспарлап отырмыз. 2035 жылға қарай транзит көлемін жылына 100 миллион тоннаға дейін жеткізуді көздейміз», – деді Премьер-министр.

Жиында негізгі бағыттардың бірі ретінде Орта дөліз – Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыту белгіленіп, оның аясында теміржол және порт инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатқаны сөз болды. Атап айтқанда, халықаралық серіктестерді тарта отырып, Ақтау және Құрық порттарында контейнерлік хабтарды кеңейту жұмыстары атқарылуда. 2029 жылға дейін

тасымалдау көлемін жылына 80 мың ЖФЭ-ден 300 мыңға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

– Бүгінде біз Қытайдың шығыс жағалауынан бастап Еуропаға дейінгі тиімді логистикалық жүйені қалыптастырып отырмыз. Бұл жүйе Кавказ елдері арқылы Оңтүстік Еуропаға шығатын Транскаспий халықаралық көлік бағдарын қамтиды. Сонымен қатар «Бір белдеу – бір жол» жаһандық бастамасы аясында біз серіктестерімізбен инфрақұрылымдық жобаларды үйлестіріп, қуатты синергетикалық әсерге қол жеткізудеміз. Үздіксіз логистиканы қамтамасыз ету үшін сыртқы терминалдар желісін жүйелі түрде дамытып келеміз. 2014 жылдан бері Қазақстан мен Қытай арасындағы бірқатар ірі жобалар сәтті жүзеге асырылды, – деді өз сөзінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов.

(Жалғасы 2-бетте)

Сурет primeminister.kz сайтынан алынды

ВЕКТОР ТРАНЗИТА



Қазақстан и Афганистан продолжают работу в рамках железнодорожного сотрудничества.

На полях совещания Организации сотрудничества железных дорог (ОСЖД) в Астане состоялась рабочая встреча председателя правления АО «ҚТЖ» Талғата Алдыбергенова с заместителем министра общественных работ по вопросам железнодорожного транспорта Афганистана Сахебзадой Мавлави Мухаммадом Исхаком.

Стороны обсудили развитие двустороннего отраслевого сотрудничества, включая вопросы грузоперевозок и инфраструктуры.

В ходе переговоров было отмечено, что объем грузоперевозок демонстрирует устойчивый рост: за первые три месяца 2026 года данный показатель увеличился на 77% и составил один миллион тонн. Отмечен рост показателей экспорта и транзита, а также значительное расширение поставок казахстанского зерна, черных металлов, химических, минеральных удобрений и муки. К примеру, экспорт казахстанской муки в Афганистан вырос до 291 тысячи тонн, что на 37% больше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

По итогам встречи стороны подтвердили намерение продолжать сотрудничество, направленное на наращивание объемов грузоперевозок.

Алуа ТЛЕУБАЙ

БАРШАҒА БІРДЕЙ ҚОЛЖЕТІМДІ



Елімізде азаматтардың көлік қызметтеріне тең қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда.

Көлік министрі Нұрлан Сауранбаевтың айтуынша, мүгедектігі бар азаматтар үшін көлік инфрақұрылымы мен қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар инклюзивті саясат тұжырымдамасы аясында үш негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылуда: инфрақұрылымды дамыту, көліктің қолжетімділігін арттыру және қызмет көрсету сапасын жетілдіру.

Теміржол саласында жылжымалы құрамның тоқсан пайызы, яғни 120 құрамның 99-ы көтергіш құрылғылармен және бейімделген купелермен жабдықталған. 2030 жылға қарай әрбір құрамда кемінде бір арнайы вагон қарастырылады. Вокзалдарды жаңғырту аясында пандустар, лифтілер, көтергіш құрылғылар орнатылып, қасса аймақтары мен санитарлық бөлмелер жаңартылуда. Мүгедектігі бар жолаушылар үшін теміржол билеттеріне 50 пайыздық жеңілдік қарастырылған, сондай-ақ ЖСН арқылы мамандандырылған купелерге онлайн рәсімдеу мүмкіндігі қолжетімді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша инклюзивті сервисті 580 мың мүмкіндігі шектеулі жолаушы пайдаланып, теміржол көлігімен тасымалданған.

Ұлан ОРАЗ

TMTM

РОСТ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК НА 36%

23-24 апреля 2026 года в Астане состоялись заседания Ассоциации Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ), где был отмечен рост контейнерных перевозок на 36% по итогам 2025 года. Участники утвердили планы на текущий год, сосредоточившись на увеличении грузопотоков, улучшении технологических процессов и подписании соглашений по организации контейнерного сообщения на Каспии. Стороны подтвердили растущую роль ТМТМ как ключевого логистического коридора между Азией и Европой.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Участники отметили, что сегодня ТМТМ окончательно трансформировался из альтернативного маршрута в ключевой элемент глобальной торговой архитектуры. Рост контейнерооборота на 36% – это не просто статистика, а свидетельство высокого доверия международных грузоотправителей к Middle Corridor.

Синхронизация работы портов Каспия и внедрение единых стандартов ответственности сторон позволяют успешно кон-



курировать с традиционными морскими путями, предлагая бизнесу беспрецедентную скорость и надежность доставки. Особым драйвером развития

маршрута в 2026 году становится интеллектуальная интеграция. Участники ассоциации обсудили развитие ИТ-решений и цифровизацию. Это сделает транзит

через Транскаспийский маршрут максимально прозрачным. ТМТМ готов к новым вызовам мировой экономики, о чем свидетельствуют планы на 2026 год и расширение инфраструктурного взаимодействия участников. Сегодня закладывается прочный фундамент для превращения маршрута в мощный транспортно-логистический мост. Кооперация стран – участник ассоциации не только укрепляет транзитный потенциал региона, но и формирует новую реальность евразийской торговли на десятилетия вперед.

Фото Олжаса АХМЕТОВА

БҮГІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ ЖҮЙЕСІНДЕ АУҚЫМДЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖҮРІП ЖАТЫР. ЖАҢА ВАГОНДАР МЕН ТЕПЛОВОЗДАР АЛЫНУДА, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢҒЫР-ТЫЛУДА ЖӘНЕ ТЕМІР ЖОЛДАР МЕН ВОКЗАЛДАРҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. ЖҮК ТАСЫМАЛЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ОҢТАЙЛАН-ДЫРУ ЖҮМЫСТАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНЫП, ҚОС ЖОЛДАР МЕН АЙНАЛМА УЧАСКЕЛЕР САЛЫ-НУДА, БІЗ ОСЫ ПРОЦЕССИН АЖЫРАМАС БӨЛГІ РЕТІНДЕ ЖАСЫЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ДАМУҒА БАҒЫТ АЛЫП ОТЫРМЫЗ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ МАҢҒЫСТАУ
ТЕМІР ЖОЛЫНДА

1151 км

МАЛДАН ҚОРҒАЙТЫН ҚОРШАУ-ЛАР ҚАЙТА ЖӨНДЕЛДІ.

АТЫРАУДА

30 км

ЖОЛДЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ
ЖОСПАРЛАНҒАН.

ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН
ВАГОНДАР ҚЫЗМЕТІ ЕНГІЗІЛГЕН
КЕЗДЕН БЕРІ

856 мыңға

ЖУЫҚ ЖОЛАУШЫ
ПАЙДАЛАНҒАН.

АЛЛЕЯ ДРУЖБЫ – СИМВОЛ ЕДИНСТВА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ

В рамках ХІ юбилейного заседания Конференции генеральных директоров железных дорог Организации сотрудничества железных дорог (ОСЖД) состоялась торжественная экологическая акция – посадка 30 саженцев на Аллее дружбы железных дорог ОСЖД.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Международный форум собрал более 300 руководителей и представителей железно-дорожных администраций и компаний-перевозчиков из более чем 30 стран, став одной из крупнейших площадок для обсуждения развития отрасли, международных транспортных коридоров, цифровизация и повышения эффективности перевозок.

В рамках мероприятия главы делегаций и почетные гости высадили 30 саженцев деревьев как знак укрепления партнерства, доверия и долгосрочного взаимодействия между железнодорожными администрациями.

Акция проведена в поддержку республиканской экологической инициативы «Таза Қазақстан» и стала вкладом в озеленение столицы, отражая стремление

к формированию более комфортной и экологически устойчивой городской среды.

Аллея дружбы железных дорог ОСЖД расположена на территории сквера железнодорожников, который национальная компания «Қазақстан темір жолы» подарила жителям и гостям столицы ко Дню работников транспорта в 2023 году.

Отдельно подчеркивается экологическая значимость железнодорожного транспор-

та, который по праву считается одним из наиболее устойчивых и энергоэффективных видов перевозок. Особенно это проявляется при развитии электрифицированных линий, позволяющих существенно снизить выбросы парниковых газов в расчете на пассажиро- и тонно-километр по сравнению с автомобильным и авиационным транспортом.

По мнению участников мероприятия, новая аллея



станет не только украшением столицы, но и живым символом юбилейного заседания ОСЖД в Астане – напоминанием о важности международного диалога,

экологической ответственности и совместного движения к устойчивому будущему мировой железнодорожной отрасли.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновтің «Вьетнам темір жолы» МК бас директоры Хоанг Зя Кханмен кездесуі өтті. Тараптар жүк тасымалы көлемін одан әрі ұлғайтуға қоса алғанда, теміржол саласындағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылады.



Былтыр Қазақстан Вьетнамға 15 мың тоннадан астам бидай экспорттағаны атап өтілді. Астық жүктері Хайфон портына (Вьетнам) Достық және Алтынкөл шекаралық өткелдері арқылы жеткізілді. Құрамдар Ақмола облысының Азат, Ақкөл және Көкшетау станцияларынан жөнелтілді. Қазіргі уақытта қазақстандық өнімді Вьетнамға жеткізу Хайфон портына шығатын Ляньюнган портынан теміржол-теңіз схемасын қоса алғанда, Қытай аумағы арқылы тұрақты мультимодальды маршруттар бойынша жүзеге асырылады.

Тараптар тасымалдау көлемін ұлғайтуға, жүк жөнелтушілер үшін қолайлы жағдайлар жасауға және көліктік-логистикалық ынтымақтастықты нығайтуға дайын екендіктерін растады.

Ұлан ОРАЗ

СЕНІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН СЕРІКТЕСТІК

Астанада өткен Теміржол ынтымақтастығы ұйымының мерейтойлық іс-шарасы аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Марат Шакинов пен QiQihar CRRC компаниясы атынан бас директорың орынбасары Фэн Чженьдон мырзаның қатысуымен жұмыс кездесуі өтті.



Тараптар екі компания арасындағы серіктестіктің 20 жылдан астам уақыт бойы табысты дамып келе жатқанын атап өтті. Ал өзара іс-қимылдың жаңа кезеңі 2023 жылғы қазанда Бейжіңде стратегиялық әріптестікті тереңдету туралы негіздеме келісімге қол қойудан басталған болатын.

Марат Шакинов бұл қатынастардың маңыздылығын ерекше атап өтіп, олардың ұзақ мерзімді болашағына сенім білдірді. Кездесу барысында тараптар инновацияларды енгізу мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, контейнерлік тасымалдардың тиімділігін арттыратын екі қабатты фитингтік платформаларды пайдалану, сондай-ақ жүк пойыздарының жоғары жылдамдықпен қозғалысын дамыту мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар жүк жылжымалы құрамның түрлерін кеңейту және техниканың сенімділігін арттыру мақсатында бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Тараптардың айтуынша, Қазақстанның теміржол желісіне озық технологияларды енгізу екі ел экономикасы үшін қуатты синергиялық әсер қалыптастырмақ. Ал бұл стратегиялық әріптестікті нығайту «Шығыс-Батыс» бағдары бойынша тауар айналымының өсуіне тікелей ықпал етіп, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырады. Сонымен қатар Қазақстанның үздіксіз жаһандық сауданы қамтамасыз ететін маңызды логистикалық хаб ретіндегі мәртебесін одан әрі нығайта түспек.

Нұрбек БЕКЕН

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ОРТА ДӘЛІЗДІ ДАМУҒА ҮШІН КҮШ БІРІКТІРУДЕ

Теміржол ынтымақтастығы ұйымының мерейтойлық іс-шарасы шеңберінде ҚТЖ-ның ғимаратында компанияның басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновтің «Польша мемлекеттік темір жолдары» АҚ басқарма төрағасы, әрі Еуропалық теміржол және инфрақұрылымдық компаниялар қауымдастығын (СЕР) басқаратын Алан Бероудпен жұмыс кездесуі өтті.

Райхан РАХМЕТОВА, Астана

Тараптар айтқанда, CER, яғни Community of European Railway and Infrastructure Companies – халықаралық тасымалды дамытуға қоса алғанда, салалық күн тәртібін қалыптастыратын Еуропаның жетекші теміржол және инфрақұрылымдық компанияларының бірлестігі. Қауымдастық 1988 жылы Брюссельде құрылды және 70-ке жуық теміржол кәсіпорындарын біріктіреді.

Тараптар Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыту шеңберінде одан әрі екіжақты ынтымақтастықты талқылады. Сонымен қатар олар Қазақстан мен Польша темір жолдары арасындағы стратегиялық



ынтымақтастықты дамытуға бағытталған басқа да көптеген мәселелерді қарастырды. ҚТЖ мен Польша Мемлекеттік темір жолдарының тасымалдау компаниялары арасындағы жүк тасымалы саласындағы өзара іс-қимылға, сондай-ақ декарбонизация мен экологиялық таза технологияларды қоса алған

да, заманауи энергетикалық шешімдерді енгізу бойынша тәжірибе алмасуға басты назар аударылды.

Екі елдің теміржол серіктестігі 2026 жылы өсу қарқынын көрсетуде, яғни I тоқсанның қорытындысы бойынша елдер арасындағы теміржол тасымалының жалпы көлемі 1,5 есеге

артып, 752 мың тоннаға жетті.

Қазақстандық экспорт құрылымында да оң динамика байқалады: Польша мемлекеті бағытында көмір жеткізу 6 есе, химиялық өнім экспорты 2,8 есе өсті, ал астықты жөнелту көлемі еуропалық нарықтардағы жоғары сұранысты көрсете отырып, бірнеше есе өсуді көрсетті.

Бір мезгілде Қазақстанның негізгі транзиттік буын ретіндегі рөл күшейе түсуде: Қытай – Польша бағыты бойынша контейнерлік тасымал 2026 жылдың алғашқы үш айында 44% ұлғайып, 75,4 мың ЖФЭ-ні құрады. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар ТХКБ шеңберінде ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайын екенін растады.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ТЖЫҰ: ХІ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ЖИЫН ӨТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Ұлттық компания басшысы Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы жобалар да қарқынды дамып жатқанын тілге тиек етті. Соның нәтижесінде Азия мен Еуропаны байланыстыратын бөсекеге қабілетті маршрут қалыптасып, жеткізу мерзімі 12-14 тәулікке дейін қысқарған. Сонымен қатар Қазақстан Еуропа мен Кавказдағы теңіз порттарына қатысуын кеңейту бағытында да жұмыстар жүргізуде. Басты мақсат – Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті байланыстыратын біртұтас көлік желісін қалыптастыру.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2030 жылға дейін

теміржол инфрақұрылымына шамамен 10 миллиард доллар көлемінде инвестиция салу жоспарлануда. Қазіргі таңда 1800 шақырымнан астам жаңа теміржол желісі салынууда және шамамен 2000 шақырым жол жаңғыртылууда. Достық – Мойынты учаскесін дамыту сияқты ірі жобалар іске асырылып жатыр. Бұл жобалар өткізу қабілетін арттырып, транзиттік әлеуетті кеңейтуге бағытталған. 2035 жылға қарай негізгі бағыттардағы өткізу қабілетін тәулігіне 100 жұп пойызға дейін жеткізу жоспарлануда. Әлемнің жетекші өндірушілерімен бірлесіп, локомотивтер мен электровоздарды қоса алғанда, жылжымалы құрам өндірісін жерсіндіру жұмыстары

жүргізіліп, гибриді тарту сияқты экологиялық таза технологиялар енгізілуде, – деді Талғат Сағиұлы.

Жиында салаға цифрлық технологияларды енгізу мемлекеттің басым бағыты болып қала беретінін, Қазақстан Президенті 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялағаны айтылды. Халықаралық технологиялық компаниялармен әріптестікте Tez Customs платформасы енгізілді. Ол кеден және теміржол жүйелерімен интеграцияланып, құжаттарды өңдеу уақытын бірнеше есе қысқартып, қағазсыз форматқа көшуге мүмкіндік берді.

– Біз теміржол желісінің цифрлық егізін дамытып, жасанды интеллект негізіндегі

интеллектуалды диагностика жүйелерін енгізіп жатырмыз. Бұл ақауларды жоғары дәлдікпен анықтап, шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы мониторинг жүйелері жылжымалы құрамның жай-күйін нақты уақыт режимінде бақылап, қозғалыс қауіпсіздігін айтарлықтай арттыруда. Біздің ортақ міндетіміз – болашақтың заманауи, цифрлық және тиімді темір жолын құру. Тек тығыз әріптестік арқылы біз заман талабына жауап беріп, әлеуетімізді толық жүзеге асыра аламыз деп сенемін. Баршаңызға жемісті жұмыс пен табысты шешімдер тілеймін, – деп түйіндеді сөзін Талғат Алдыбергенов.

ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ НӘТИЖЕСІ

ҚТЖ ғимаратында ТЖЫҰ Бас директорлары конференциясының ХІ отырысы аясында компания басшысы Талғат Алдыбергеновтің Қытай темір жолдары мемлекеттік корпорациясы директорлар кеңесінің мүшесі, партиялық жетекші топ хатшысының орынбасары Ван Цзиньсимен кездесуі өтті.

Ислам ТАЛҒАТ, Астана

Тараптар өзара үйлесімді әрі нәтижелі ынтымақтастықтың жоғары тиімділігін атап өтіп, бұл әріптестік екі елдің транзиттік-көлік әлеуетін жүйелі дамытуға мүмкіндік беріп отырғанын жеткізді.

Көрсеткіштердің тұрақты өсімін нақты статистика анықтап беруде. Мәселен, 2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша жүк тасымалы көлемі 9,3%-ға артып, 9,1 млн тоннаға жетті. Бұл Қазақстан мен Қытай аумағы арқылы өтетін көлік дәліздеріне сұраныстың артып келе жатқанын айқын көрсетеді.

Келіссөздер барысында Транскаспий халықаралық көлік бағдарын (ТХКБ) дамыту және тасымалдарды цифрландыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. 2026 жылдың алғашқы тоқсанында ТХКБ



арқылы 125 контейнерлік пойыз тасымалданып, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 34,4%-ға жоғары нәтиже көрсетті.

Инфрақұрылымды кеңейту бағытында да елеулі ілгерілеу бар. Тараптар Достық – Алашаңқай теміржол учаскесін салу жөніндегі үкіметаралық келісімді келісуде жедел әрі тиімді жұмыс атқарғаны үшін өзара алғыс білдірді. Сондай-ақ Бақты –

Тачэн үшінші шекаралық өткелін салу жөніндегі құжатты келісуді жандандыруға уағдаласты.

ҚТЖ мен Қытай темір жолдарының өзара ықпалдастығы екі елдің экономикалық өсімінің маңызды драйверіне айналып, географиялық артықшылықты Шығыс пен Батыс арасындағы сауда байланыстарын нығайтудың қуатты құралына айналдыруда. Суретті түсірген Диас НУРМАХАНБЕТОВ

ЛОКОМОТИВ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ

Астанада өтіп жатқан ТЖЫҰ Бас директорлары конференциясының ХІ отырысы аясында шетелдік теміржол әкімшіліктерінің өкілдері Alstom (ӘҚЗ) және Wabtec (ЛҚЗ) зауыттарына барып, қазақстандық локомотив құрастыру үдерісімен танысты.

Сұлугүл БАКЕСОВА, Астана

Alstom – Орталық Азия мен Кавказдағы электровоздардың жалғыз өндірушісі. Қазақстанда компания төрт қаладағы жеті өндірістік және сервистік алаңнан тұратын кешенді желіні басқарады. Бүгінгі таңда компания Қазақстан темір жолы және Әзербайжан темір жолдары үшін 450-ден астам электровоз өндірді. Бұл

локомотивтер бүкіл өңірде табысты пайдаланылып, жергілікті өндірілген жылжымалы құрамның сенімділігі мен жоғары сапасын дәлелдеп келеді.

Альстом мамандары ағымдағы инвестициялық бағдарлама аясында 2025 жылы Жамбыл облысының Шу қаласында жаңа сервистік депо ашылып, техникалық қызмет көрсету сапасы мен қолжетімділігі арттырылғанын атап өтті. Сонымен қатар Астана



қаласында озық сигнализация технологиялары бойынша Құзыреттер орталығы іске қосылған, ол өз кезегінде цифрлық және сигнал беру шешімдерін жерсіндіруге ықпал етіп отыр екен. – Alstom мен Қазақстан арасындағы әріптестік индустрияландырудың, жаңа жұмыс орындарын

құрудың, технология трансферінің және ұзақ мерзімді стратегиялық ынтымақтастықтың жарқын үлгісі болып табылады. Бұл өз кезегінде еліміздің Еуразиядағы көлік және инженерлік хаб ретіндегі мәртебесін нығайтады, – деді Альстом компаниясы басқарма төрағасының жылжымалы

құрам бойынша орынбасары Лоран Базин.

Бұдан кейін ТЖЫҰ Бас директорлары конференциясы отырысына қатысушылар Wabtec зауытындағы тепловоз құрастыратын өндіріс орындарын аралады.

Соңғы 27 жылда Wabtec компаниясы Қазақстанда жасалған жаңа және жаңғыртылған 1000 тепловозға толыққанды қызмет көрсетіп келеді. Локомотив құрастыру зауыты қабырғасынан ҚТЖ компаниясы мен экспорттық нарықтарды қоса алғанда, Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Украина, Түркіменстан, Молдова, Моңғолия үшін 700 астам локомотив жасап шығарылған. Ауыр машиналарды шығару ісімен 700 адам айналысса, оның ішінде инженерлік құрамдағы 50 қызметкер Америкада оқытудан өткен.

Wabtec мамандарының айтуынша, тепловоздарға пайдаланылатын бөлшек-тетіктердің 40 пайызы жерсіндірілген. Компания локомотив құрастыру зауытында Trip Optimizer және KINETIX сынды цифрлық шешімдерді енгізіп, жұмыс технологиясын жеңілдетуге атсалысып келеді. Зауыттың 8 сервистік орталығы және Қазақстанмен қатар ТМД-ның барлық аймағына қызмет көрсететін сертификатталған техникалық персоналдары бар. Зауыт GEVO12 дизельдік қозғалтқыштары мен локомотивтің басқа да компоненттеріне күрделі жөндеу жүргізеді. Сонымен қатар көршілес электровоз құрастыру зауыты үшін оларға қажетті бөлшектерді шығару ісімен айналысады.

Мәртебелі меймандар зауыттың әр цехын аралап, өздерін қызықтырған сұрақтардың жауабын алды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



КУРС НА СИНХРОНИЗАЦИЮ И РАЗВИТИЕ

Результаты работы за 2025 год, развитие грузовых и пассажирских перевозок, инфраструктура и цифровые технологии стали ключевыми темами Пленарного заседания XI Конференции генеральных директоров железных дорог Организации сотрудничества железных дорог (ОСЖД) в Астане.

Любовь РОВБА,
Астана

Мероприятие, приуроченное к 70-летию ОСЖД, собрало в столице Казахстана делегатов из порядка 30 стран, включая представителей Китая, России, Венгрии, Вьетнама, Польши, Южной Кореи и других государств.

Приветствуя участников пленарного заседания, председатель правления АО «КТЖ» Талгат Аддыбергенов отметил, что сегодня ОСЖД является ключевым инструментом координации перевозок и фундаментом устойчивых транспортных связей на всем евразийском пространстве.

Наша общая цель – построить умную железную дорогу будущего, современную, цифровую и бесшовную. Это вызов, который мы можем принять только в тесном партнерстве. Убежден, что встреча в Астане станет мощным импульсом для нашего дальнейшего сотрудничества, – сказал он. – Казахстан, расположенный на стратегическом перекрестке транспортных артерий, всегда выступал надежным связующим звеном между Востоком и Западом и готов обеспечить бесперебойный транзит в любых масштабах.

Председатель Комитета ОСЖД Мирослав Антонович в приветственном слове поблагодарил представителей государств – членов организации за продуктивную совместную работу, которая формирует будущее международного железнодорожного транспорта.

Ближайшие годы нашей деятельности станут временем новых инициатив и технологических решений, укрепления наших коридоров и расширения диалога, – отметил он и от имени

Комитета ОСЖД вручил Талгату Аддыбергенову памятную награду.

Насыщенная повестка дня охватила весь спектр вопросов стратегического управления железнодорожной отраслью. Участники пленарного заседания обсудили результаты работы Комиссии ОСЖД по грузовым, пассажирским перевозкам, инфраструктуре и подвижному составу, а также постоянных рабочих групп ОСЖД по кодированию и информатике, финансовым и расчетным вопросам. Ключевое внимание уделено росту объемов грузоперевозок, модернизации инфраструктуры, внедрению безбумажных технологий и интеллектуальных систем управления, а также подготовке отраслевых кадров.

На заседании отмечалось, что актуальность рассматриваемых на конференциях ОСЖД вопросов за годы существования организации нисколько не уменьшилась. За 70 лет эксплуатационная длина железных дорог государств-членов достигла 340 тысяч километров, а это более 30% от общемировой. Ежегодно участниками организации перевозится свыше 5 миллиардов тонн грузов, и это почти 50% от общемирового показателя. От Польши до Лаоса установлены единые межправительственные коммерческие правила международных перевозок, взаиморасчетов, обмена информацией. Именно в ОСЖД была создана многоуровневая система железнодорожного права, которой до сих пор нет в большинстве регионов мира. Кроме того, организации принадлежит первенство в описании такого явления, как международный транспортный коридор. Ранее этот термин относился к научным

понятиям, а в настоящий момент является ключевым элементом государственных стратегий и инвестиционных планов компаний.

Подводя итоги работы за 2025 год, председатель Комиссии ОСЖД по грузовым перевозкам Кайрат Жанкабаев сообщил, что объем перевозок грузов странами – участницами ОСЖД в минувшем году составил 5 035 миллионов тонн, грузооборот при этом достиг 6 076 миллиардов тонно-километров, 10 лет назад этот показатель составлял 4 889 миллиардов тонно-километров.

Спикер доложил о совершенствовании и актуализации членами комиссии ряда важных документов, включая договоры о едином транзитном тарифе и международном железнодорожном транзитном тарифе, Правил пользования грузовыми вагонами в международном сообщении, Соглашении о перевозке контейнерных поездов в международном сообщении и т.д.

Кроме того, комиссией проведена работа по согласованию объемов перевозок экспортных, импортных и транзитных грузов, актуализации гармонизированной номенклатуры грузов и перечня грузовых станций, организации перевозок почтовых отправок в контейнерах в международном сообщении и других.

